



«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап
ғылыми кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімі

Ақын — елдің ардағы

ақын Әлмұхамбетов Тәшібай

туғанына 115 жыл

библиографиялық жадынама

Арқалық қаласы, 2025 жыл

«Арқалық қаласындағы облыстық

*№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

«Ақын – елдің ардағы»

ақын Әлмұхамбетов Тәшібай туғанына 115 жыл

библиографиялық жадынама

ҚБЖ 83. 3(5Қаз)71
А 38

Құрастырушы: Ж.К.Туякбаева
Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова
Мұқабаны безендірген: Ж.К.Туякбаева
Редактор: С.А.Алматова

«Ақын – елдің ардағы» [Мәтін] : [ақын Әлмұхамбетов Тәшібай туғанына 115 жыл толуына орай әзірленген] библиографиялық жадынама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі ; [құраст.; Ж.К.Туякбаева ; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 16 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі кітапханашыларға және жас оқырмандарға арнап, библиографиялық жадынама дайындап шығарды. «Ақын – елдің ардағы» тақырыбында дайындалған библиографиялық жадынама көпшілік қауымға арналған пайдалы құрал. Библиографиялық көрсеткіш Әлмұхамбетов Тәшібайдың өмірі туралы, шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 821.512.122.09(092)
ҚБЖ 83. 3(5Қаз)71
А 38
© Ж.К.Туякбаева

Құрастырушыдан

Бұл библиографиялық жаднама қазақтың ардақты ақыны, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлікпен қаза тапқан майдангер қаламгер Тәшібай Әлмұхамбетовтің өмірі мен шығармашылығына арналған. Ақынның қысқа ғұмырында қалдырған көркем туындылары – қазақ әдебиеті тарихындағы баға жетпес мұра. Оның жырлары мен публицистикалық жазбалары ел мен жерді, Отанды сүйеге, адамгершілікке баулиды.

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі «Ақын – елдің ардағы» атты библиографиялық жаднаманы ақынның шығармалары, ол туралы жазылған әдебиеттер, мерзімді басылымдарда жарық көрген материалдар қамтылған библиографиялық жаднаманы қалың оқырман назарына ұсынып отыр.

Аталған библиографиялық жадынамаға кітапхана қорындағы материалдар енгізілген.

*«Ол жырын майданда жазды.
Оның қаламы – халқына,
қаруы – отанына қызмет етті.»*
Қойшығара Салғараұлы

Тәшібай Әлмұхамбетов — көрнекті қазақ ақыны, әдебиетші, мұғалім және майдангер-жазушы.

1910 жылдың 15 қыркүйегінде Торғай өңіріндегі Бестау деген жерде дүниеге келіп, 1943 жылы 2 желтоқсанда Қазан қаласындағы госпитальде ауыр жарақаттан қаза болған. Балалық шағын Ұлытау, Қарсақпай, Жезқазған атырабында өткізеді. 1938 жылы Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітіреді. Бұдан кейін Ұлытау, Қарсақпай, Жезқазған мектептерінде мұғалім болып істейді. 1942 жылы майданға аттанады. Дон өзені бойындағы қатты ұрыстардың бірінде ауыр жараланып, Қазан госпиталінде дүние салады. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ақын-жазушылармен бірге, Тәшібай есімі де Қазақстан жазушыларының үйіндегі ескерткіш тақтада алтын әріптермен жазулы. Тәшібай –текті әулеттің ұрпағы. Арғы атасы Арғынның әйгілі батыры Шақшақ руынан. Қазақ даласында Шақшақ Жәнібек батырды білмейтін адам жоқ. Тәшібайдың ата – анасы ерте қайтыс болып, немере ағасы Таутабайұлы Әубәкірдің қолында тәрбиеленіп өседі. Таутабайдан Әлмұхамбет (шын аты Әлмағамбет) пен Әубәкір туады. (туысы ұстаз Елкеев Ғабдыжауаттың дерегі бойынша).



Шығармашылығы:

ҚазПИде оқып жүрген кезінде оның «Туған жер» деген өлеңі «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланады. Сол жылдары жарық көрген ұжымдық жыр жинақтарына жыр топтамалары енеді. Ол бірнеше әдеби сын мақала, әңгіме очерк, поэма, повестер де жазған. Жас ақынның «Ана аманаты», «Күзеттегі келіншек», «Тракторшы қыз», «Отан», т.б. шығармалары республикалық газеттерде жарық көрді, топтама жыр жинақтарына енді. Зерттеуші ғалым Ә. Райымбеков ақын мұрасын жинап, 1989 ж. «Мен өмірге ғашықпын» деген атпен баспадан шығарды.

Шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған Тәшібай талай сыршыл сезімді жырлар қалдырды. Бұлардың біразы – патриоттық өлеңдер. Оның ішінде «Жігіттің жақсы болғаны» (1943), «Отан» (1941), «Гранат» (1943), «Біз жеңеміз» (1941) және басқа отаншылдық жоғары рухтағы жыр, толғаулар. «Қас ерліктің белгісі» (1942) өлеңінде жас ақын былай дейді:

Қас ерліктің белгісі
Халқына сусын ішкізсе.
Тасқыны күшті бұлақтай,

Жұртына балын жегізсе.
Айдыңға біткен құрақтай,
Халқына сәуле түсірсе.
Көкте күн, жанған шырақтай,
Елі үшін күші егілсе.
Сыр сақтаса қынаптай.

Жасынан халықтық тәрбие алған ақынның өз жырларында халықтық термелеу тәсілін қолданғаны анық байқалып тұр. Өйткені сол жылдардағы барлық ақын, жазушылар сияқты ол да қазақтың телегей теңіз аңыз-жырларын, ертегілерін, дастандарын, ауыз әдебиетінің барлық түрлерін санасына түйіп өскен.

Ақын «Біз жеңеміз» деген өлеңінде:
Біз жеңеміз, достарым, бұл зор сенім,
Жауды жойып, тасқындап күштің селін.
Елмен жерді алмақ боп жанталасқан
Фашистерді құртуың керек сенің, - дейді.

Ақынның жеңіске деген сенімі мен ұмтылысы, күштарлығы сондай еді. Ол жеңісті жырлады, өзінің өжет қимылы арқылы ол қатар-құрбыларын да соған шақырды, үндеді. Өзі жеңіс күнін көрмесе де, оған имандай сеніп өмірден өтті. Шынарым, сәуле шашқан тілегімсің,
Жас жаным, ыстық қаным жүрегімсің.

Ар, намыс адалдығын адамдардың,
Беремін саған, Отан қоймай бірін, - деген өлең жолдары ақынның адал сезім, ақ ниетін, жоғары адамгершілік қасиеттерін, ақындық үнін одан әрі биіктете түседі. Әрі өзін өзгелерге тереңірек таныта түседі. Т. Әлмұхамбетов «Бірінші шахта», «Доктордың қызы» атты екі повесть және бірнеше әңгімелер мен мақалалар жазған. Оны көпшілігінің республикалық баспасөздерде, жинақтарда жарияланғанын өзі көріп кетті. Педагог ұстаз ретінде Тәшібай мектепте де, училищеде де, өзі рабфакта оқып жүргенде де, жұмыста да талапты балаларға жөн сілтеп, қанаттандырып отырған. Әдебиет үйірмелерін ашқан, қолжазба журналдар шығарған. Алматыда рабфакта оқып жүргенде оның басшылығымен «Екпінді» атты әдеби-көркем қолжазба журнал шығарылды. Мұны шығаруға белгілі суретші Әбілхан Қастеев пен ақын Мәриям Хәкімжанова да қатысады. Қазіргі кезде де оның шығармалары «Кәусардың жаңалығы» аты жинақтарда және газет-журналдарда қайта жарық көріп, әдеби ортаға қайтадан оралып жатыр. Тәшібай Әлмұхамбетов – майдан жүрегінде өлеңмен күрескен сарбаз ақын.



Өлеңдері

Шабуыл

Ылаң сап жау, айқасты ел,
Жеңіс үшін құра қол.
Өзімізге, әлемге әкел,
Азаматтар, ұлы жол.

Қорланған ар, қорғайтын жер.
Қаруға ұмтыл қыз бен ұл.
Қанқұйлыны жой, соққы бер,
Жауды жайпа, шабуыл!

1941 жыл.

Хат

Ұмытпаймын сақтап еске,
Сөздеріңді, анам, сенің.
Қашан ана қайғы кешсе,
Жүктейді ғой ұлы сенім.

Қамықпа, ана, ойлап мені,
Жеңеміз біз, күт қуаныш.
Қалдырмаймын ойдан сені,
Жүрсем-дағы шетте алыс.

«Не өл, не жең, бар, жауға шап!»-
Деп ұсындың қылышты алмас.
Ақ алмастың жүзін баптап,
Жауға шаппай ұлың қалмас.

Мен жасаған ерлік, қайрат,
Білем саған зор қуаныш.
Қуанамын жүзім жайнап,
Сөзіңді ақтар бұл арпалыс.

Жүрекке кек отын жағып,
Қанат серпіп қырандайын,
Найзағайдай жарқыл қағып,
Фашистерді қырам дәйім.

«Не өл, не жең, бар, жауға шап!»-
Деп ұсындың қылышты алмас.
Ақ алмастың жүзін баптап,
Жауды қумай ұлың қалмас.

Қанқұйлы жау қылмысы өшпес,
Құрыр бізден қалмай ізі.
Деп ойлама жауды кеспес,
Ақ алмастың өткір жүзі.

1942 жыл.

Қанжар

Қадалып қарап маған қимай көзі,
Сыйлаған қанжарды осы орыс қызы.
Майданда: – Батыр ұлы қазақтың, – деп.
Есімнен шығар ма бір айтқан сөзі?

Ақ қанжар ұмытпасқа жарқылдаған,
Нұрлы қыз сені ұстатқан жарқын маған,
Суарып жау қанымен жүзіңді өткір,
Қайратым тасқындаған, сарқылмаған.

Ақ қанжар, сабың тұтам, тұрқың қысқа.
Соқты екен сені шебер қандай ұста?
Сертімдей берген берік қызына орыс,
Жайраттым фашистерді қанды ұрыста.

Ақ қанжар, болат досым, өткір жүзің,
Ұмытпан сені берген орыс қызын.
«Қазақтың қаһарманы, ер ұлы» деп,
Арман не қайта естісем жан лебізін!

1994 жыл.



Анама хат

Ұмытпаймын сақтап еске,
Сөздеріңді, анам, сенің.
Қашан ана қайғы кешсе,
Жүктейді ғой ұлы сенім.

Жазып құлаш, сермеп қылыш,
Фашистерді қанға малып.
Қолда қару болат құрыш,
Суытылған кекке жанып

«Не өл, не жең, бар, жауға шап!»-
Деп ұсындың қылышты алмас.
Ақ алмастың жүзін баптап,
Жауға шаппай ұлың қалмас.

Жүрекке кек отын жағып,
Қанат серпіп қырандайын.
Найзағайдай жарқыл қағып,
Фашистерді жоям дәйім.

Мен жасаған ерлік қайрат,
Білем саған зор қуаныш.
Мақтанармын жүзім жайнап,
Біткен кезде бұл арпалыс.




1943 жыл.

Көк көгершін

Көк көгершін, қанат сермеп,
Құлдыра да қарышта.
Кейде аспандап, кейде жерлеп,
Ұшшы жылдам алысқа.
Тез жеткізші жазған менің
Сәлемімді жарыма.
Ойы орнықсын, алсын демін,
Қуат берсің жаныңа.


Жүргенімді білсін менің
Ерлік өмір-атыста,
Етпек болған елді телім,
Жауды қуған батысқа.
Көк көгершін, құлаш сермеп,
Ұшшы жылдам алысқа.
Жар қуансын шаттық тербеп,
Басқан сайын батысқа.

1943 жыл.





Қостанай таңы. – 2010. – 13 тамыз. – 7 б.




Торғай жазушылары [Мәтін] : [анықтамалық] / құраст.: С. Кенжеахметов. – Арқалық:– 1991.






Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөліміндегі Тәшібай Әлмұхамбетов туралы жинақ папка



Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. – Алматы: Арыс, – 2013. – 456 б.:



Қазақстан жазушылары: XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық / [құраст.: Е. Дүйсенбайұлы және т. б.]. – Астана: Ана тілі, – 2004. – 392 б.

[illegible]

Оған соғысының аяғында Армия қатарына алынған, үнеміст болған інісі Төлегенге арнап жазған «Қайта, үн-

Жүрегі болса жүрек толқым,
Ойға үлесті берілім.
Менің жеткен кеттімге озым,
Қалсын көңілі сөгірім.

Қолсын жоқпай сөзіңім.

24. 1. 2. 3. 4.

**Талантына талайлар тәнті болған
(Майдангер жазушы Тәшібай Әлмұхамбетовтың әдеби мұрасы туралы сөз)**

Тәшібай Әлмұхамбетов бір топ қазақ жазушылары сапында 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. Майдан ортасында жүріп те қалам, қағазын лақтырып тастамады. Соғыс жырлары топырлап туындап жатты. Кеудеде тулаған жыр, көз алдында сұрапыл соғыс. 1944 жылы жауынгер жазушы Дон өзені бойындағы қиян-кескі ұрыста ауыр жарақаттанып, Қазан госпиталына түсті. Бар болғаны 33 жасында мәңгілікке көз жұмды. Қазір Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ақын- жазушылармен бірге Тәшібай есімі де Қазақстан жазушыларының үйіндегі ескерткіш тақтада алтын әріптермен жазулы.

Соғыс, ерлік, намыс, күш-қайрат сөздері Әлмұхамбетов поэзиясында өлеңмен эп-әдемі өріледі. Ақиқатты аңсаған адам, ұлттың ұлы намысын қайрай түсіп, қаламына ерік береді. Майдан даласында жазылған ақын жырларының дені көтеріңкі дауыспен қайталап айтуға лайық ұрандардай естіледі. Оны көзді қадап оқу, әйтпесе мұқият тыңдау, рухани рахат ләззатына бөлейді. «Біз жеңеміз» атты өлеңнен алынған мына бір үзінді ешкімді бейжай қалдырмайды. Тек мүдіріп, іркілмеуге, алға қозғалуға үндейді.

Біз жеңеміз достарым, бас ілгері!
Құртпай қалай тоқтаймыз құртты жегі,
Түн түнегін жамылып жем шоқитын,
Жапалаққа ақ сұңқар кетпес кегі!

Бейбіт өмір кешіп жүріп те жұмыстан тысқары бос уақыт табудың қиындығы баршылық қой. Күні де, түні де мазасыз майданда жауапкершілігі жетерлік шығармашылықпен айналысу оңай емес-ау өзі. Бірақ Тәшібай мүмкіндік тапқан. Өмірін өлеңмен өрген. Ол өзінің жүрегін жарып шыққан жырлары арқылы жауынгерлерді әрқашан әлсіремеуге, күш-қайратты толастатпауға, бейшараға ұқсап бұғып қалмауға шақырады.

Ер болсаң, антты ақтаған,
Қан майданда алысқан.
Дұшпаныңнан қарысқан

Шегінбе жігіт, шегінбе,-деп ұран тастайды автор ағынан ақтарыла.

Шығарманың шынайылығы, құндылығы, көркемдік дәрежесі ешуақытта көлемімен өлшенбейді. Тақырыптың жан-жақты ашылуы негізгі көрсеткіш саналады. Кейде шағын туынды айта алған ауқымды ойымен ірі туындыны алмастыра алады.

Тәшібай Әлмұхамбетовтың 1943-1944 жылдары жазылған «Қарағай», «Қанжар» деп аталатын өлеңдері дастанның салмағын көтеріп тұрғаны түк өтірігі жоқ шындық. Екі жыр да елең еткізерліктей оқиға желісінде жетіліп, дамып, әр шумақ сайын сүйсінтіп, ризашылыққа бөлеп, әсерлендіреді.

Ақынның «Маяк», «Ұмытпаймыз, Серго, сені», «Қас ерліктің белгісі», «Гранат» деп ат қойып, айдар таққан өлеңдері түгелдей майдан тынысынан сыр шертеді. Өзге тақырыптағы «Туған жерге», «Тракторшы қыз», «Күзеттегі келіншек», «Ана аманаты», «Отан» жырлары да терең тебіреністен, тоқсан толғаныстан, ып-ыстық сүйіспеншіліктен туындаған, сонымен қатар оқырман жүректерінің нақ төріне барып жайымен жайғасқан елеулі еңбектер.

Тәшібай тәтті, бал махаббатты мәнерлі жырлаудың да хас шебері. Таусылып, сарқылып, бітеліп қалмайды. Өр толқынды өзендерше біртүрлі буырқанып, ағыл-тегіл тасқынға айналады. Зауытта істейтін бір екпінді қызға арналған өлеңнен кішкентай мінді кездестірмейсің. Шумақтар құйылып-ақ тұр.

Зер төгілткен кестелеп,
Сөзіңді естіп қарасам,
Тамсандырған балдайсың.
Мөлдіреген көзіңе
Көз тоқтатып қарасам,
Жарқыраған шамдайсың.

Әдеби мұра қай кезде де өмір сүріп отырған қоғамға, рухани қажеттілікті түбірінен түсінетін адамға алтыннан асыл байлық, қазына болып қала бермек. Кезінде Тәшібайдың табиғи талант иесі екенін Ғабдол Сланов, Жұмағали Сайын, Қапан Сатыбалдин, Сағынғали Сейітов, Қалижан

Бекқожин, Төкен Әбдірахманов, Әзілхан Нұршайықов сияқты қабырғалы қаламгерлер мойындап, жазған туындыларын жоғары бағалаған. 1989 жылы «Жазушы» баспасынан Тәшібай Әлмұхамбетовтың «Мен өмірге ғашықпын» деген атпен жеке кітабы шықты. Повесть, әңгімелер, өлеңдер топтастырылған жинақты баспаға әзірлеп, алғы сөзін жазған филология ғылымдарының кандидаты Әбулақап Райымбеков. Белгілі ғалымның ізінен жаңылыспай жүрер ізденімпаз ізбасарлары көп болғай деп тілейік.

Биыл майдангер, педагог, жазушы, ақын Тәшібай Әлмұхамбетовтың туғанына 100 жыл толғалы отыр. Осыған орай оның прозалық, поэзиялық туындылары кітап етіп басылып шықса, Жезқазған, Қостанай жерлерінен көше бұйырса, шығармашылық жетістігіне негізделген бұқаралық сипаттағы шаралар ұйымдастырылса танымал тұлғаның биік рухы алдындағы тазалығымызды, адалдығымызды тағы бір нық дәлелдер едік. Талантына талайлар тәнті болған майдангер жазушы Тәшібай Әлмұхамбетовтың ұлттық әдебиет әлеміндегі екінші рухани ғұмыры енді басталып, жалғасын тауып жатыр. Ұзағынан сүйіндірсін. Көркем сөз көп жасасын, ағайын.

Нағашыбай Мұқатов
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі, ақын,
филология ғылымдарының
кандидаты.

Мазмұны

1. Құрастырушыдан	3
2. Ақын өмірінен бір үзік сыр.....	4-5
3. Өлеңдері	6-8
4. Баспасөз беттерінде	9-11
5. Талантына талайлар тәнті болған.....	12-14
6. Мазмұны	16

Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова
Құрастырушы: Ж.К.Туякбаева
Редакторы: С.А.Алматова

Басуға 22. 09. 2025 ж. қол қойылды
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 4
Таралымы: 3 дана

**«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru**

